

Алғы сөз

Бұл басылымда жапон философиясының ежелгі заманнан ХХІ ғасырдың басына дейінгі кезеңі жан-жақты қарастырылады. Мен кітапты жапон философиясына қызығушылық танытқан қауымның сұранысын қанағаттандыру мақсатында жаздым. Мысалы, кейбіреулер жапон философиясын батыс философиясына балама немесе қосымша ретінде зерттегісі келеді, ал енді бірі, жалпы алғанда, жапон мәдениетіне, ойлау тәсілі мен тарихына қызығуы мүмкін.

Қызығушылығы әртүрлі оқырман қалыптастыратын топтар да сан түрлі болмақ. Бір топ батыс философиясы және оның терминологиясын жақсы білгенмен, Жапонияны мүлдем білмеуі мүмкін, ал кей оқырман жапондардың философиялық мәтіндерін түпнұсқада оқи алатын болуы да мүмкін. Үшінші бір топтың жапон өнерінің кейбір түрлері туралы практикалық білімі болса да, осы өнердің елдің идеялары мен құндылықтары арасындағы орны туралы білгісі келеді.

Оқырмандардың осындай сан алуан талабын қанағаттандыра кітап жазу оңай емес. Мен қырық жылдан астам уақыт бойы бакалавр және магистратура бөлімінің студенттеріне жапон философиясынан сабақ беріп келемін, тіпті ЖОО оқытушыларына арналған көптеген семинарға да жетекші болдым. Әртүрлі саланың академиялық топтары алдында кәсіби баяндама жасап, жапон өнері көрмелеріндегі тыңдаушыларға, Америка кәсіпкерлеріне және әскери көшбасшыларға, тіпті жаһандық компанияларда еңбек ететін жапондық менеджерлерге де дәріс оқыдым. Осындай әртүрлі аудитория алдында сөз сөйлей жүріп, айтқандарымның бұрынғыдан көп өзгеріске түспегенін байқадым. Айтылар мысалдар, сөз тіркестері және оның түрлі мағыналық бөліктері аудиторияға байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ басты нәрселер өзгермейді. Сонымен қатар дәріс оқу барысында эксперимент жасай жүріп, әртүрлі аудиториялар арасындағы шекараны жоятын ұқсастықтар, метафоралар мен күнделікті өмірден алынған мысалдар таптым. Әрине, бұл жайт әрбір түсініктеме адамдардың бәріне ұғынықты дегенді білдірмейді.

Әлем күрделеніп, ғылым дамыған сайын біздің біліміміздің аясы тарыла түсуде. Біз өзіміз жақсы білетін нәрседен тыс дүниелердің сырын көп біле бермейміз. Бір саланың әлемге танымал сарапшысы болсақ та,

басқа салаларға келгенде колледждің екінші курс студентінің деңгейінен аса алмаймыз. Мысалы, колледж немесе университет аудиториясында Жапония туралы дәріс оқығанда, белгілі бір тарихи оқиға немесе батыс философиясының айырмашылығы туралы қарапайым түсініктеме бере аламын. Аудиторияға қарап, менің келтірген тарихи түсініктеме фило-софтың «О, расымен де. Бұл менің ойымды айқындай түседі» деп бас изеп, келіскенін байқаймын. Ал тарихшы: «Иә, бірақ бұл тарих әлі де толық емес» деп ойлап, бас шайқайды. Керісінше, Аристотельдің анықтамаларына қатысты менің қысқаша түсініктемелерім тарихшы мен философтың қарама-қарсы пікірін тудырады. Сондықтан да осы кітапты оқу барысында оқырман өзіне таныс нәрсенің басқаларға түсініксіз немесе, керісінше, өзгеге түсінікті нәрсе өзіне түсініксіз болуы мүмкін екенін қаперінде ұстаса деймін. Осы орайда кей оқырман маған сын айтар болса да, өзі сияқты басқа оқырманды құрметтей отырып, кешіріммен қараса екен деймін.

Егер сізге тым жалпылама болып көрінетін нәрсе туралы баяндап жатсам, келесі бетке өте беріңіз. Демек, бұл үзінді сіздің деңгейіңіздегі адамға арнап жазылмаған. Алайда өзіңізге беймәлім мәселелерге тап болғанда, «ішіңіздегі екінші курс студенті» осылай жазып жатқанымға қуанып қалады. Жапон философиясының негізгі идеяларын тікелей түсіндіретін немесе сипаттайтын кезде ғана «менің тұжырымдарым – дәл де нақты және осы саладағы маман-әріптестерімнің стандарттарына сай келетін тұжырымдар» деп пайымдайтын боламын.

«*Жапон философиясының қысқаша тарихы*» атауындағы терминдер осы кітаптың негіздемесін айқындайды. Мен алғы сөзде айтылатын басты нәрсені осы терминдермен жеткізуге тырысамын. *Ал оқырмандарға арналған толық бағдар 1-тарауда берілген.* Бұл тарау кейінгі мәтіндегі нақты бір тарауларды ғана оқығысы келген оқырмандарға да маңызды кіріспе болып саналады.

ЖАПОН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Кітаптың атауына талдау жасап көрелік және бұл контексте философия тарихы дегенді білдіретін «*тарих*» сөзінен бастайық. Ғылым әлемінде тарих пен философия қиыса келе, үш өріс құрайды. Бұл кітаптың мақсатын түсіну үшін осы өрістердің бір-бірінен қандай ерекшелігі барын ескерген пайдалы болмақ.

Тарих: Интеллектуалдық тарихы, идеялар тарихы және философия тарихы

Интеллектуалдық тарихы, идеялар тарихы және философия тарихы кейбір жағдайларда бір-бірімен қиысуы мүмкін, бірақ олар әдісі мен мақсаттары тұрғысынан алғанда мүлдем өзгеше. Интеллектуалдық

тарихы – тарихшылардың міндеті және тарих факультеттерінде оқытылатын пән. Онда белгілі бір уақыттағы және белгілі бір жерлердегі институттар мен ұйымдар, идеялар мен құндылықтардың саяси және әлеуметтік контекстері зерделенеді. Интеллектуалдық тарихы идеялардың дамуы мен қабылдануына тап, жыныс, нәсіл, билік пен беделдің қалай әсер ететіні туралы түсінігімізді толықтыра түседі. Бұл сала идеологиялық қозғалыстар мен бағыттарды зерделеуде мықты, бірақ жеке ойшылдардың ерекшеліктерін және олардың дәлелдемелерін егжей-тегжейлі талдауда осал болады.

Интеллектуалдық тарихында философтарды жеке-дара ойшылдар емес, интеллектуалды, саяси немесе әлеуметтік қозғалыстардың мысалдары ретінде ғана қарастыру қаупі бар. Алайда жеке ойшылдар ретінде философтар жай пайымдап қана қоймай, жіктеп, сыни көзқарас білдіріп, модификация мен қарама-қарсы пікір қалыптастыра отырып, өз заманының оқиғалары мен үрдістері туралы ой қозғайды. Нақты ойшылдың осындай бірегейлігі әр кезеңнің және әр ел оқырманының бойында интеллектуалдық тарихты оқығанда әдетте туындай бермейтін философиялық рефлексияның пайда болуына түрткі болуы мүмкін.

Керісінше, идеялар тарихын не тарихшы, не философ жазуы ықтимал (және көбіне басқа пән оқытушылары оқыта береді). Бұл салада жеке адамдар қалыптастырған идеялар және осы идеялардың әртүрлі контекст пен кезеңдерде өзара әрекеттесуі маңызды саналады. Кең мағынада идеялар тарихы қоғамды немесе тіпті әлемді өзгерткен ұлы тұжырымдамаларды немесе теорияларды түсіндіруге жете мән береді. Идеялардың өзін немесе аргументтерін сыни бағалау, әдетте олардың қоғамға деген ықпалына бағынады. Кейде философ идеялар тарихын жазып, бір идеяның кең таралуын, түрленуін және құлдырауын, жалпы айтқанда, ұзақ тарихын зерделеуі мүмкін (мысалы, А.О. Лавджойдың туындысы «Болмыс тізбегі» (*The Chain of Being*)). Идеялар тарихы идеялардың авторлары мен оларды осы идеяларға жетелеген ой-пайымдарға емес, идеялардың өзіне баса назар аударады.

Интеллектуалдық тарихы мен идеялар тарихы, көбіне, тарихшылардың зерттеу мүддесіне сай болса да, философия тарихын философтар жазады және әдетте философия факультеттерінде курс ретінде оқытылады (өкінішке қарай, мұндай факультеттер әлі де Батыс Еуропа, Канада және Құрама Штаттар философиясына ғана баса назар аударып отыр). Философия тарихының интеллектуалдық тарихынан өзгешелігі – ойлаудың тарихи және әлеуметтік контекстін эскиз ретінде ғана қарастыруға бейім. Мұның орнына, Аристотель, Акуинолық Томас, Декарт, Локк, Кант, Гегель, Ницше, Рассел, Гуссерль, Витгенштейн және Хайдеггер сияқты жеке ойшылдарға жете көңіл бөледі. Басқа

жағынан алғанда, олар жеке тұлғаларға емес, просократиктер, схоластар, британдық эмпириктер, континенталды рационалистер, неміс идеалистері, экзистенциалистер және логикалық позитивистер сияқты бірқатар философиялық топтарға назар аудара алар еді. Қалай дегенмен де, кез келген философия тарихының маманы философ ретінде ойшылдардың айқын немесе жасырын ұстанымдарын, болжамдарын және дәлелдерін айқындауға күш салады. Философия тарихшысы тіпті тезистердің қаншалықты жақсы дәлелденгеніне немесе тұжырымдалғанына да баға бере алады. Өткен шақтың аргументтері мен теорияларына орала отырып, қазіргі философияның сапасын жақсартуға болады деген үміттерін де жиі байқатып қалады. Әдетте тарихшылардың еңбектерінде мұндай талдау жүргізілмейді және жасалады деп ұйғарылмайды да.

Мазақ болмас па екенмін деп алаңдасам да, тәуекелге бел буып, осы айырмашылықтарды былайша қорытындыласам деймін. Интеллектуалдық тарихы тарих барысында философиялық идеяларға әсер еткен әлеуметтік, саяси, институционалдық және экономикалық шарттарға баса назар аударады. Идеялар тарихы идеялардың өзін, олардың өзара әрекеттесуін және тарихи оқиғаларға әсер етуін зерделеуге бағытталған. Философия тарихы жекелей философтардың аргументтері мен олардың тұжырымдарына жетелеген ой әдістерін бөліп көрсетіп, баға беруді мақсат тұтады. Зерттеудің бұл бағыты, қисыны келгенде, бір ойшылдың басқаға тигізген ықпалын және ұсынылған философиялық теорияларға автордың беретін бағасын қамтиды.

Қысқаша тарих

Колемі жағынан алғанда, бұл кітапты шағын деп айтуға болмас. Біз «қысқаша» сөзін кітап атауына екі себеппен қостық. Біріншіден, жапон философиясы өкілдерінің ұзын тізімінен (мысалы, біздің «Жапон философиясы: Анықтамалық/Материалдар жинағы» (*Japanese Philosophy: A Sourcebook*) атты кітабымызда жүзден астам жапон философы туралы тарау бар) арнайы қарастыру үшін жетеуін ғана таңдадық: Кукай, Шинран, Доген, Огю Сорай, Мотоори Норинага, Нишида Китаро және Вацужу Тецуру (3, 5, 6, 9, 10, 12 және 13-тарау). Таңдауда екі критерийді басшылыққа алдық.

Жеті тарауы жеке философтарға арналған осы кітаптың кейбір оқырмандары философияға қызығатын адамдар болғандықтан, аталған тарауларда философтардың аргументтері мен ұстанымдары барынша ұғынықты болу үшін, философиялық мәліметтер молынан қамтылды. Сонымен қатар біз осы жеті ойшыл жапон дәстүрінің парадигмасы іспеттес деп санаймыз, яғни оқырмандар оларды түсіне алса, басқа да

жапон философтарын да оқып, түсіне алары анық. Сайып келгенде, осы жеті философ – тұтас тарихи кезеңдер мен дәстүрлер өкілдері.

Жетеуінің үшеуі буддистер: бірі эзотерикалық – Шингон мектебінің негізін қалаушы Кукай (774–835), екеуі экзотерикалық – Таза жер буддизмінің өкілі Шинран (1173–1263) және зен-буддизм өкілі Доген (1200–1253). Тарихи хронология бойынша, Кукай классикалық дәуірдің, ал Шинран мен Доген – орта ғасыр кезеңдерінің өкілдері. Эдо немесе Токугава кезеңімен Огю Сорайдың (1666–1728) классикалық конфуцийлік мектебі және Мотоори Норинаганың (1730–1801) Шинто байырғы халықтарын зерттеу дәстүрі арқылы танысуға болады. Қазіргі кезеңдегі академиялық философия формаларына келетін болсақ, бүкіл әлемге ықпал еткен Киото мектебінің негізін қалаушы Нишида Китараога (1870–1945) және осы мектеп пен оның көтерген мәселелерін дамытуға тікелей күш жұмсай қоймаған сол дәуірдің жетекші философы Вацужу Тецурога (1889–1960) баса назар аудардық.

Біқшамдаудың екінші мәні жеке философтарды егжей-тегжейлі талдауда емес, ойшылдар өмір сүрген тарихи контекстерге арналған *қысқаша* алты тарауда (2, 4, 7, 8, 11 және 14) сезіледі. Мұнда баяндауды жеделдетіп, оқиғаларды барынша жалпылама сипаттаймыз. Негізгі мақсатымыз – жапон философтары өз жүйелерін қалыптастырған тарихи кезеңдердің бағыты мен ерекшелігін жеткізу. Сонымен қатар тарихи тараулар негізгі жеті философтан басқа жүздеген жапон және қытайлық философтың қосқан үлесін қысқаша болса да атап өтуге мүмкіндік береді. Оларды тарихи тарауларға кірістіру арқылы баяндамамызда белгілі бір интеллектуалды тарих пен идеялар тарихы көрініс тапқан.

Осыған дейінгі философия тарихының көбі тарихи, саяси және әлеуметтік жағдайларды үстіртін сипаттау арқылы жеке адамдар мен ойлау мектептерін назарға алған деген едік. Бұл принциптен сәл ауытқимыз, себебі – бұл пікіріміз батыс оқырмандарына арнап жазылған *Батыс* философиясының *батыстық* тарихына қатысты. Яғни интеллектуалдық тарих авторлары өз оқырмандарының ежелгі Грекия, орта-ғасырлық христиан әлемі, Реформация, Орыс революциясы, психоанализдің өркендеуі және тағы басқалар туралы жалпылай білімі бар деп болжаған. Алайда біз осы кітапты арнап жазған адамдардың көбі жапон тарихындағы осындай маңызды оқиғаларды соншалық жақсы біле бермейтін болар. Сондықтан тарихи пікірталастар арнасын осы тарапқа қарай біраз кеңейттік. Сондай-ақ баяндалар уақыт рухын толық түсінуге көмектесетін бірнеше фотосурет қостық.

Жапон тарихын жақсы білетіндер алты тарихи тараудан көп жаңалық таба қоймас. Біз солай ойлаймыз. Негізгі қосар үлесіміз тарихи емес, философиялық болғандықтан, әртүрлі стандартты еңбектерден

табуға болатын тарихи ақпаратты ғана қостық. Библиографияда, жалпы әдебиеттер тізімінің алдында «Батыс тілдеріндегі жалпы анықтама-лық еңбектердің» қысқаша тізімі бар. Біздің ойымызша, бұл еңбектер осы саладағы сарапшылар арасында кең танылған тарихи фактілерді камтиды және ағылшын оқырмандарына сенімді ақпарат көзі болмақ. Егер біз, кем дегенде, екі дереккөзде табылған оқиғаны атасақ, бұл оқиға кең танымал болып, құжаттармен расталғандықтан, жазбаларымызда дәйексөздерді көрсетпейміз. Бұл жайт дәйексөздер мен қосымша ескертпелердің ұзын-сонар тізімін қысқартуға мүмкіндік берді. Біздің тарихи есептерімізде жаңашыл бірдеңе болса, мұны жапондық философиялық дәстүрді құрап көрсету үшін пайдаланған амал деп білген жөн. Сайып келгенде, біз жапон елінің тарихшысы емес, жапон философиясының тарихшысымыз.

Жапон философиясы

Кейбір оқырман кітап басында жапон философиясына анықтама бермегенімізге назар аударған болуы мүмкін. Алдын ала анықтама бермей жатып, «жапон философиясы» туралы кітапқа не қосатынымызды білуім мүмкін бе? Бақытымызға қарай, «Жапон философиясына» материал жинау кезінде Джеймс Хейзиг, Джон Маральдо және Еуропа, Солтүстік Америка мен Азияның бірнеше ондаған ғалымынан кеңес алып, алдын ала дайындық жасадық. Біз олардан философияға нақты бір анықтама бермей-ақ, *анықтамалығымызға* нені енгізуге болатыны жөнінде ұсыныс беруді өтіндік. Олар берген мәлімет пен негіздемелерін талқылай отырып, талдаудың, дәлелдеменің, терминология мен тақырыптық бағдарлардың қайталанатын тұстарына назар аудардық.

Осы кеңестер нәтижесінде әдетте жапон философтарынан байқалатын кейбір сипаттамаларды өз терминдерімізбен атап көрсеттік. Дегенмен жапон философиясының барлық тармағына ортақ және қарапайым анықтамамен жеткізуге болатын бір мән бар деген идеяны мүлдем қабылдамаймыз. Мұндай анықтаманы қажетті шарт деп есептейтіндерге Батыс философиясының бүкіл тарихын қамтуға жеткілікті қысқаша анықтама беріп көруді ұсынамыз. Гераклит, Аристотель, Плотин, Августин, Спиноза, Юм, Кант, Гегель, Кьеркегор, Бентам, Ницше, Айер, Витгенштейн, Уайтхед, Хайдеггер, Мерло-Понти, Куайн және Деррида сияқты ойшылдар тобына ортақ жалғыз және анық бір сипаттама беруге бола ма? Біз біреу осындай тізімге лайық эссенциал, бәрін қамтитын анықтаманы жақсылап жасап бере алады дегенге күмәнмен қараймыз. Жапон философиясына қатысты да дәл сондай анықтама ойлап табудың соншалық маңызды екенін көріп тұрған жоқпыз.

Керісінше, жапон философиясындағы ортақ белгілер туралы айта-тын болсақ, Людвиг Витгенштейн өзінің *философиялық зерттеуле-рінде* (§67) *отбасылық ұқсастық* деп атаған нәрсені оларға тән ететін сипаттамалар тізімінен іздестіруіміз керек. Әлдебір отбасының барлық мүшесін басқа отбасы мүшелерінен өзгеше ететін қандай да бір ортақ анықтауыш белгі (мұрын пішіні, шаш түсі, бойы, бет пішіні, жалпы физиологиясы және т.б.) бола бермейді. Десек те, белгілі бір отбасының өзіне ғана тән ұқсастықты жиі байқаймыз. Бұл қалай?

Витгенштейн мұны «...басқа отбасы мүшелеріне қарағанда, белгілі бір отбасы мүшелерінің ықтимал физикалық сипаттарының ортақ тұсы көбірек болады» деп түсіндіреді. Сонымен, отбасы мүшесін (немесе философиялық дәстүрді) анықтау үшін бір ғана маңызды сипатты іздемеуіңіз керек. Оның орнына (философиялық) отбасының бірде-бір мүшесі толық сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ (философиялық) отбасы мүшелері тобының (басқа философиялық отбасылардағы адамдарға қарағанда әлдеқайда көп) ортақ сипаттамалар тізімін жасауыңыз қажет.

Әрине, отбасылық ұқсастықтарды тізбектеуді бастамас бұрын, отбасының өзімен танысуыңыз керек. Сондықтан да жапон философиясының табиғаты туралы қорытындымызға арналған ең маңызды жалпы ережелерді жапон философтарына шолу жасағаннан кейін келтіріп отырамыз. Әйткенмен 1-тарауда біз нені іздеу қажеттігі туралы жалпы нұсқаулықтарға тоқталып өтеміз. Бірақ сіз ол жерден ешқандай алдын ала «жасалған» анықтаманы таба алмайсыз.

Алайда «*Жапон философиясы: материалдар жинағын*» редакциялауға қатысты жоғарыда аталған сұхбат, талдау және қорыту барысында *тәртіптен тыс* тағы бір критерий пайда болды. Бүгінде Жапониядағы академиялық философия бағдарламаларын оқытушылардың көпшілігінің жапон философтарының қоғамдастығына сәл ғана ұқсастығы бар (соғыстан кейінгі мұндай дамудың себептері туралы 14-тарауда және қорытындыда айтамыз). Шын мәнінде, осы академиялық философтар өздерін басқа қоғамдастыққа – батыс философиясына жатқызады және батыс философиясының әдістерін, терминологиясын және проблематикасын жөн көреді. Қосқан маңызды философиялық үлесіне қарамастан, мұндай ғалымдардың жұмысы жапон философиясының тарихына қарағанда, батыс философиясының тарихына жақсы үйлесер еді.

Осы кітапта қазіргі жапон философиясын талқылауға кіріскенімде, жапон еліндегі философтардың екі тобының арасындағы айырмашылық айқындала түсті. Білуімізше, қазіргі жапон философиясы батыс философиясын тірек етеді. Бірақ оның, қазіргі кездегі жапон елінің көптеген кәсіби философтары тұжырымдайтындай, батыс философиясынан бастау алмайтыны анық қой. Жапон философиясы Жапонияда ғана өрістеген философия емес. Айталық, «неміс философиясы» мәселелерімен

Германиядағы немістер ғана шұғылданбайды. Германиядағы әрбір философ неміс философиясымен айналысумен ғана шектелмейді.

Қорыта келе, жапон философиясының жапон елінің аумағында ғана емес, одан тыс жердегі философияға да қоса алатын үлесі туралы сөз қозғаймыз. Осы жобаның соңына жеткенде ғана жапон философиясының кейбір тұсы батыс философиясының үш атасы: Сократ, Платон және Аристотельдің рухымен үндес екенін байқадық. Бұл жайт күтпеген қорытынды жасауға итермеледі. Кейбіреулер «философия» дегеніміз – ежелгі гректерден басталған дәстүр, сондықтан шығу тегі әртүрлі азиялық дәстүрлерді қамтуы мүмкін емес дейді. Дегенмен осы кітаптың соңына қарай жапон философиясында басты орынға ие көптеген құндылықтар мен тақырыптар ежелгі грек философтарының ойларымен үндесетініне дәлелдер келтіреміз. Шынында да, жапон философиясы кей тұрғыдан алғанда Батыста да, Жапонияда да қазіргі философия факультеттерінде жүзеге асырылып жатқан жобаларға қарағанда, ежелгі грек философиясының үлгісіне жақын болуы мүмкін. Сонымен, қорыта айтар болсақ, ежелгі грек философтарының дәстүріне кім жақын?

Қызықты философия

Ежелгі грек дәстүрімен үндесетін жапон философиясының (және олардан кейінгі, әсіресе Агарту дәуіріне дейінгі көптеген батыс философтарының) ұстанымдарының бірі – білім жинаудың бастауы ретінде бейтараптыққа емес, ықыластануға ден қою. «Жақындасу немесе ұласу» (*Intimacy or Integrity: Philosophy and Cultural Difference*) атты 1998 жылғы Гилберт Райл дәрісінде айтқанымдай, *Философия мен мәдени айырмашылықтар, ықыластанған* (жақындасуға бағдарланған) білім мен бейтарап игерілген (ұласуға бағдарланған) білімнің өзіндік үйлесімі, артықшылықтары мен шектеулері бар. Дегенмен қисынды себептерге байланысты, осы екі ұғымды түйістіру онай емес.

XVII ғасырдағы Агарту дәуірінен бастап, Батыс философиясы өзінің басты парадигмасы ретінде бейтарап білімге жиі жүгінеді. Алайда осы кітапта атап көрсететініміздей, жапон философиясы өз тарихының басым бөлігінде ықыластанған білімнің қажеттігіне баса назар аударды («Жақындасу немесе ұласу» жете мән берудің жалғыз ғана Жапонияға, тіпті Азияға ғана тән емес екенін байқатады). Бұл – әрі мүмкіндік, әрі проблема.

Мұндағы мүмкіндік – жапон философиясын зерделей отырып, батыс оқырмандарының көпшілігі әлем туралы өздерінің өсіп-жетілген мәдени ортасынан, әсіресе, академиялық жағдайынан өзгеше көзқараспен танысады. Ал проблема мынада – адам ықыластану туралы бейтарап оқыса, оны толығымен игере алмайды. Егер жақындасу

дегеніміз – танымның ерекше формасы болса, онда адам оны танып-білу үшін оған зейін салып, кірісуі тиіс. 1-тарауда оқырмандарды жапон философиясын жай ғана зерттемей, оған ықыластануға дайындай бастаймыз. Осы тарауда келесі тарауларда қолданылатын кейбір арнайы терминдер мен әдістер де берілген.

Сондай-ақ бұл кітапта академиялық шығармаға лайық тілден гөрі, біршама ауызекі тіл мәнеріне жиірек жүгінеміз. Үйреншікті академиялық мәнермен байланысты қиындықтың бірі – білімді қызыға игеруді емес, бейтарап игеруді қолдайды. Ол «біреу» бір нәрсені жасайтын және «біздің» білетін нәрсеміз сіз бен маған емес, трансцендентал көзқарас тұрғысынан алғанда, тәнсіз, тек санаға қатысты болатын лингвистикалық әлемге жетелейді. Дегенмен 1-тарауда объективті көзқарас ықыластану праксисін бастан кешетін сарапшылар қауымдастығынан да туындауы мүмкін екені дәлелденеді.

Сондықтан жазу мәнеріміз сізге ауызекі тілдегі әңгімеге ұқсас сияқты болып көрінсе, бұл жалпы объективтік немесе ұқыптылық жоқ дегеннің дәлелі деп ойламаңыз. Себебі біз философиялық әңгіме *жүргізіп* отырымыз, танымымызды, ең аз дегенде, бейтарап игеру арқылы қалай арттырсақ, ықыластана отырып игеру арқылы да солай арттырамыз. Бұл еңбекте әңгімені сіздің, біздің және бірнеше көрнекті жапон философының арасында өрбітуге тырысамыз. Мұны қалай істейтінімізді және мұның түсінігімізге қалай әсер ететінін де осы 1-тарауда қарастырамыз.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Дәйексөздер мен ескертпелер

Беттер сілтемесі. Осы кітапты жазу барысында «*Жапон философиясы: материалдар жинағы*» атты еңбектің бірлескен үш редакторының бірі болу мүмкіндігіне ие болдық. Осы екі кітап бірін-бірі толықтырады деп есептегендіктен, «*Жапон философиясы: материалдар жинағы*» кітабын редакциялауды тәмамдағанша, қолыңыздағы кітапты жазуды тоқтата тұрдық. Егер бұл кітап жарияланбас бұрын «*Жапон философиясы: материалдар жинағы*» еңбегі жарыққа шығып қойған болса, оқырмандар басқа жерден жауабын таба алмайтын (жапон тілінде оқи алмаса) мәселелерді осы кітаптан оңай іздеп таба алатынын түсіндім. «*Жапон философиясы: материалдар жинағы*» кітабы басқа жерде ағылшын тілінде таптырмайтын кейбір материалдарды қамтып қана қоймайды, оған қоса, бұл еңбекке жүзге жуық маман өз аудармаларын енгізді. Екі кітап арасындағы синергияны қолдау үшін кітап шетінде көрсетілген қысқаша бет нөмірлері арқылы «*Жапон философиясы: материалдар жинағына*» тоғыспалы сілтеме жасаймыз. Бұл әрі ыңғайлы,

әрі жалықтырмайтын артықшылық болады деп үміттенемін. Мәтіннің мазмұнына қарай сілтемелер *«Жапон философиясы: материалдар жинағы»* беттеріндегі дәйексөз ретінде келтірілген тұстарды қарауға немесе нақтылай бір мәселені талқылауға байланысты қосымша оқу материалы ретінде беріледі.

Жапон және ағылшын тілдеріндегі сөйлемдер, сондай-ақ жеке сөздердің мәні әрдайым бір-біріне сәйкес келе бермейді. Аударманың табиғаты сондай, бір ерекшелікті баса көрсету үшін екінші ерекшелік назардан тыс қалып жатады. *«Жапон философиясы: материалдар жинағында»* аударылған үзіндіде анық жеткізілмеген түпнұсқадағы кейбір коннотацияны нақтылап көрсеткіміз келгенде, не басқа аударманы қолдандым (оның дереккөзі қосымша ескертуде келтірілген), не бастапқы дереккөзге сілтеме жасай отырып, оны өзім аудардым. Бұл жағдайларда *«Жапон философиясы: материалдар жинағындағы»* сол үзіндінің бет санын көрсетеміз, себебі оқырман мұнда келтірілген аударманы басқа жақсы аудармамен салыстырып қана қоймай, дәйексөз ретінде келтірілген үзіндінің біршама ауқымды мән-мазмұнын да қарай алады. Оған қоса, аударылған үзіндіні дәйексөз ретінде келтіре отырып, кейде термин аудармасын мәтінімізге және осы кітаптағы басқа да аударылған үзінділерге сай болуы үшін осы жерде немесе сол жерде өзгертіп отырдық. Бұл – түпнұсқа аударманы сынау емес, барынша қажет болған жағдайда бір терминнің бірнеше аудармасымен оқырмандарды шатастырмау үшін қолданылған ыңғайластыру десек болады.

«Жапон философиясы: материалдар жинағының» дәйексөздеріне сілтеме жасаудың тағы бір артықшылығы: кітаптың әдебиеттер тізімінде жапон немесе қытай тілдеріндегі түпнұсқа мәтіннің дереккөзі ғана емес, сонымен қатар жарияланған, қолжетімді басқа ағылшын тіліндегі аудармалар тізімі де келтіріледі. Сондықтан жапон немесе қытай тілінде оқи алатындар түпнұсқа мәтіндерге, ал бұл тілдерді білмейтіндер басқа батыс тілдеріндегі аудармаларға жүгіне алады.

Қырық жылға жуық уақыт бұрын, алғаш рет жапон философиясы бойынша курс оқып жүргенімде, кабинетімдегі кітап сөрелерінің бірекі қатарын ғана жапон философиясы туралы жақсы ағылшынша аударма жұмыстарымен толтырғанмын. Осы саланың жылдам өркендеуін және бүкіл әлем ғалымдарының зор үлес қосқанын көру – бір бақыт. Енді, әсіресе, әліппе ретіндегі *«Жапон философиясы: материалдар жинағы»* және осы кітап жарияланған соң, жапон философиясын толығымен Еуропа тілдерінде мақсатты түрде зерттеуді жүзеге асыруға болады (мысалы, дат тілін білмесек те, Кьеркегорды терең зерттеуге болатыны сияқты).

Осы бағытта оқырмандарға көмек болсын деген ниетпен, мүмкіндік болған кезде жапон тілінде қолжетімді туындыларға қарағанда,

ағылшын тілінде жазылған кітаптардан дәйексөздерді көбірек келтіруге тырыстық. Жапон философиясы туралы туындылар Еуропа тілдерінде қазірдің өзінде бар және олардың саны ай сайын артуда. Осы дереккөздерге берілген сілтемелер қосымша ескертпелер мен дәйексөздер келтірілген кітаптар тізімінде қамтылған. *«Жапон философиясы: материалдар жинағына»* еңбеген нақты бір үзіндінің ағылшын тіліндегі жақсы аудармасы болса, оны дәйексөз ретінде қолдануға тырыстық. Себебі біз бұл кітап ағылшынтілді оқырмандарды жапон философиясын әрі қарай оқуға ынталандыратын еңбек болса деп ниеттендік.

Қосымша ескертпелер. Қосымша ескертпенің екі түрі бар. Біріншісінде, үзіндінің дереккөзі, қосымша дәйексөз, шағын анықтама немесе қосымша ақпарат табуға болатын дәйексөз сияқты, ақпарат барынша ықшам берілген. Олар әдеттегі тәсілмен нөмірленіп басылады. Біз оқырмандардың көпшілігі осы қосымша жазбаларға, негізінен, ерекше қызығушылық тудыратын кейбір мәселелерді зерттеу немесе тексеру кезінде сүйенетін болады деп ойлаймыз.

Қосымша ескертудің тағы бір, басқаларға қарағанда әлдеқайда жиі кездесетін түрі, талқыланатын тақырыпты өрбітеді, толықтырады немесе нақтылайды. Мұндай ескертпелер көпшілік оқырманға тым техникалық немесе тым егжей-тегжейлі секілді көрінетін шығар. Бірақ ғалымдар немесе ерекше қызығушылық танытқан оқырмандарға маңызды болуы мүмкін. Оқырмандарға белгілі бір тармақ бойынша мұндай маңызды, әсіресе философиялық мәні болуы мүмкін жазба бар екенін білдіру мақсатында мәтіндегі қосымша ескертудің саны кішкентай жұлдызшамен таңбаланады, сондықтан ескерту белгілері былай көрсетіледі: ^{xx}★

Нұсқаулар. Нұсқаулар да екі мақсатта қызмет етеді. Біріншіден және көбіне, олар осы кітаптағы тиісті үзінділерге нұсқау көрсетеді. Яғни *«xxx-уу тарауын қараңыз»* деген сілтеме *«Жапон философиясының қысқаша тарихы»* кітабындағы тарауларға сілтейді.

Бұл кітап анықтама ретінде де, оқуға арналған мәтін ретінде де қолданылуы мүмкін екенін түсінеміз. Бірінші жағдайда көрсеткіштерді қолданғаннан гөрі нұсқаудағы тоғыспалы сілтемелер пайдалы болуы мүмкін. Өйткені олар қарастырылатын тақырыпқа тікелей байланысты кітап тарауы туралы біздің пікірімізді білдіреді. Екіншіден, кітапты оқу кезінде оқырмандар бірденені ұмытып қалса, нұсқаулар осыған дейін талқыланған мәселені немесе философты еске түсіруге көмектеседі.

Нұсқауды пайдаланудың екінші және аз таралған түрі – алғаш кездескен жалпы бір терминнің немесе анықтаманың қысқаша түсіндірмесі. Мұндай тармақ көпшілік оқырманға таныс болса да, басқалар үшін кедергі болуы мүмкін. Оқырман кітапты оқу барысында қайта-қайта

кідіріп, сөздікке немесе анықтамаға үңіле бермес үшін қажет еткен адамдарға нұсқаудың болуы зор көмек болары анық. Мысал ретінде 1-тараудағы *бодхисаттва* анықтамасын қараңыз.

Айта кетерлігі, «*Жапон философиясы: материалдар жинағы*» жапон философиясының негізгі терминдерінің ауқымды глоссарийін қамтиды. Онда әрбір жағдай бойынша анықтамалар мен синограф қана емес, осы терминнің анықтамалықтағы реті берілген. Яғни оқырман техникалық терминдердің он бес ғасырлық тарихы бар жапон философиясының әртүрлі көрінісі барысында қолданылуын оңай түсінеді.

Синографтар

Негізгі мәтіндегі ағылшын тіліндегі ағынды бұзбау үшін синографтарды (қытай-жапон символдарын) алып тастадық. Олар ерекше жағдайларда, синографтың өзі туралы сөз болғанда (мысалы, 1-тараудағы 会 және 学 сияқты) немесе бірдей айтылатын әртүрлі сөздер талқыландықанда қолданылады. Жапон тілінен басқаша айтылған сөздер кездескенде (С.) қытай, (К.) корей, (s.) санскрит және (Р.) пали белгілері көрсетіледі.

Латыншалау

Шығыс Азия атаулары мен терминдерін ағылшын латын әліпбиіне аудару үшін қытай тіліне арналып пиньинь және жапон тіліне арналып жетілдірілген хепберн жүйесі қолданылады. Ағылшын тіліндегі мәтіндер дәйексөз ретінде келтірілген тұста кез келген қытай сөзінің латынша нұсқасын уәйд-джайлздан пиньиньге және жапон тілін хепбернге балама транслитерацияға алмастырдық. Ағылшын конвенциясына сай, келесі топонимдер созылыңқы дыбысты білдіретін макронды тастап кетеді: Tōkyō, Kyōto және Ōsaka. Негізгі сөздіктерде ағылшын сөздері ретінде келтірілетін терминдерде де («шогун» сияқты) жапон тілінде кездесетін кез келген макрон (сёгун/shōgun) мен курсивтер көрсетілмеді.

Кісі есімдері

Жергілікті дәстүрге сай, жапон, қытай және корей есімдерінде адамның алдымен тегі, содан кейін есімі аталады (бұл тәртіпті Батыста жұмыс істеп, өз еңбектерінде есімдерінің батыстық үлгімен көрсетілуін жөн көретін ғалымдар ұстанбайды). Жапондар классикалық тұлғаларға сілтеме жасағанда, олардың жеке есімін, лақап есімін немесе

арнаулы есімін атайтындықтан (мысалы, Мотоори Норинага Норинага деп қана аталады), білмейтін оқырман сілтемелер тізімінде оны тегі бойынша М әрпінен емес, N әрпінен іздеуі мүмкін. Кітаптың әртүрлі бөлімінде жиі аталатын негізгі тұлғаларға келгенде көрсеткіштегі жазба оқырманға арнап оның есімінің дұрыс аталуына сілтеме жасайды (Норинага. *Қараңыз: Мотоори Норинага*).

Карта

Жапонияның географиясын білмейтін оқырмандарға көмектесу үшін кітап соңында берілген қарапайым картада кітапта аталатын бірнеше негізгі сайттардың тізімі келтірілген.

Мерзімдер

Оқиғалардың мерзімі жоқ, күнтізбелерде мерзімдер бар. Күнтізбелерді тарихи дәуірлер мерзімін қалай белгілеу керек деген мәселеде келісімге келе алмаған ғалымдар жасаған. Мысалы, Токугава немесе Эдо кезеңіне келер болсақ, ғалымдар оның басталу мерзімін 1600, 1601 немесе 1603 жыл деп көрсетуі мүмкін. Дәйекті және түсінікті болсын деп, *Жапониядағы Коданша энциклопедиясының* мерзім жүйесін ұстандым.

Сонымен қатар дәстүрлі хронологияны білетін оқырмандар тарауларда стандартты дәуірлерді бөліп ажырататын қатаң шектерді әрдайым ұстана бермейтінімізді байқайтын болар. Сондай-ақ біз кейбір оқиғаларды немесе адамдарды екі бөлек тарауда талқылаймыз. Бұл түсінбестік тудырмауы тиіс. Себебі бір оқиғаның тарихи немесе философиялық мәні оған дейінгі оқиғалардың шарықтау шегі, ал басқа оқиғаның мәні – одан кейін болатын оқиғаларға түрткі болуы мүмкін. Кей оқиғалар осы екі рөлді де атқарады.

Кейде ғалымдар оқиғаларға немесе адамдарға қатысты мерзімдермен келіспей жатады. Мұндай жағдайларда жапон және ағылшын дереккөздерінде ең жиі аталатын мерзімдерді анықтауға тырыстық. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген адамдардың туған және қайтыс болған жылдарындағы айырмашылықтарды реттеу үшін жапонның *Коданша энциклопедиясына* жүгіндік. Айта кетерлік жайт, бұл мәліметтер жапон есімдерінің көрнекті сөздігінде (*jintei jiten*) немесе арнайы энциклопедиялық еңбектерде дәлелденгенде ғана тірек еттік.

АЛҒЫС

Мен Энцуба Кацузо отбасы қорына және Жапонияның Ұлттық Жоғарғы сотына Әділет ханымның суретін 1-тарауда бейнелеуге рұқсат бергені үшін және осы рұқсатты алуға көмектескені үшін Токио университетінің профессоры Такада Ясунариге алғыс білдіремін. Сондай-ақ 14-тарауда бейнеленетін Ұлы Канто жер сілкінісінен кейінгі Токионың қолжетімді тәртіпте ашық жарияланған фотосуреті үшін АҚШ Геологиялық қызметіне және «Жиналыс үйі» операциясы салдарының фотосуреті үшін Ұлттық архивке алғыс айтамын. Қалған фотосуреттердің бәрі өзімдікі.

Осы кітаптың соңғы нұсқасын оқып жатқанымда, ондаған жыл бұрын жапон философиясына қызығушылығым оқу жазбаларынан ғылыми нұсқауларға, жарияланымдарға, көпшілік алдындағы дәрістер мен семинарларға жалғасқан кезде жазған алғашқы сөйлемім есіме түсті. Бұл кітап – жапон тарихы ғана емес, менің өмірбаянымның да ажырамас бөлігі. Сондықтан алғыс тізімінің оны тізбелеп шығуға айтарлықтай ұзақ, тіпті тым көлемді екені таңғалдыра қоймас. Дегенмен кей жағдайларды ерекше атап өту қажет.

Бұл жобаның бір бөлігі Дін және мәдениет саласындағы Нанзан институтының Роберт Рош стипендиясы қорының, Жапон қорының, Гуманитарлық ғылымдар Ұлттық қорының және Америка Ғылыми қауымдастықтар кеңесі мен Әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулер жөніндегі кеңестің бірлескен комитетінің қолдауымен қаржыландырылды. Менің жұмысымда Огайо штаты университетінің зерттеу бағдарламалары: Көмек гранттары, оқытушылардың кәсіби демалыстары (шығармашылық демалыстары) және университеттің көрнекті ғалымдарының зерттеу гранты шешуші рөл атқарды.

Осы жоба барысында Нагоядағы Нанзан Дін және мәдениет институты (НДМИ) моральдық тұрғыдан қолдап, ресурстарымен көмектесті, ынтымақ орнатып, қаржылай көмек көрсетті. Менің ондаған жыл бойы НДМИ-мен арадағы ынтымақтастығыма оның негізін қалаушы, мекемеге зор еңбегі сіңген директор, марқұм Ян ван Брагтты айтпағанның өзінде, одан бөлек бес директордың: Джеймс Хейзиг, Пол Свенсон, Ватанабэ Манабу, Окуяма Митиаки және Ким Сын Чхольдың қолдауы игі ықпал етті.

Соңғы жылдары Токио университетінің Философия орталығы (ТУФО) ынтымақтық, сын және достық арқылы жұмысымды ынталандыра түсті. Мен жапон философиясын Кобаяси Ясуо, Такада Ясунари және Накадзима Такахироһсыз елестете алмаймын. Олардың энтузиазмі жұмысымның жапондарға да, Батыс адамдарына да пайдалы болатынына сенім ұялатты.

Сонымен қатар ебедейсіз қолжазбамды кітапқа айналдырған Гавай университетінің баспасына, оның сырт оқырмандарына, редакторлары мен корректорларына алғыс айтамын. Жоба Патриция Кросбидің жалпы редакциясымен басталды да, Пэт зейнетке кеткеннен кейін қолжазба жұмысын Стефани Чан аяқтады.

Осы жобаға үнемі қолдау көрсеткендерге ерекше ілтипат білдіремін. Нанзан институтындағы Джеймс Хейзиг – Жапония жөніндегі еңбектерімнің көбінде әріптесім және досым болды. Оның көмегінсіз бұл кітап аяқталмас еді. Кей кезде ол нағыз Зен ұстазы рөлін атқарды, бейнелі түрде айтқанда, мені қол көтеріп, жеңіле салмас үшін «таяқтап» тұрды. Басқа кезде, әсіресе денсаулығым сыр берген кезде, оның қолдауы маған және менің жобама баяу болса да, үнемі алға жылжып отыруға көмектесті. Мені оның шыдамдылығы, көрегендігі, ынтасы жігерлендірді.

Мен мұқтаж болғанда, отбасым әрдайым жанымнан табылды. Үш ұлым, олардың жұбайлары мен жеті немерем – Майя, Анна, Эван, Габриэлла, Александра, Джеймс және Ева – күнделікті өміріме қуаныш сыйлап, жақсы және жаман кездерде жаныма жалғау болды. Ең бастысы, ондаған жыл бойы осы жобамен алысып жатқанымды «кітапты бітірер ме екен, әлде кітап мұның түбіне жетер ме екен» деген сұрақ қоя отырып, төзіммен бақылаған жан жарым Элленге қарыздармын. Менің жетістігім – оның да жетістігі.

Осы кітаппен айналысып жүрген жылдар ішінде үш әріптесім қайтыс болды. Олардың есімдерін атап өткім келеді. Шим Чжэ Рен (Сеул ұлттық университеті) Гавай университетінде докторлық диссертация бойынша менің алғашқы кеңесшім болды. Шим Чжэ Ренмен (ол Доген туралы жапон мақалаларын жинайтын) ғылыми қызметкер болған кезден бастап бірге жұмыс істедік.

Өзім Огайо штатының университетінде докторлық диссертациясына кеңесші болған Никки Бадо (Айова штатының университеті) көп жыл бойы мені шығармашылық тұрғыдан ынталандырушы сұхбаттасым және рухтандырушым болды. Ол Кукай туралы еңбегімнің жапон дінімен және философиясымен шектелмейтініне сендірген ең бірінші адам еді. Ең соңғысы, Джастин Айсом (Огайо штатының университеті) обыр науқасынан қайтыс болғанда, докторлық диссертациясын енді ғана бастаған еді. Джастин әзілқұмар, философиялық қабілеті зор еді. Ол түлектердің кез келген семинарының көңілді өтуіне себепкер болатын, бізді философиялық көрегендік көруді қажет етпейтініне қайта-қайта сендіруші еді.

Сайып келгенде, бұл кітап менің ұстаздарыма арналады, олардың көбі, тіпті сыныбымдағы оқытушым болмаса да, менен ақыл-кеңесін аяған емес. Олардың зеректігі және сұрақтарыма ерекше қызығушылық танытуы мені нағыз философқа айналдырды. Зен ұстаз Доген

медитация кезінде барлық Буддалармен – өткен шақтағы ата-бабалармен қатар отыратынын айтып кеткен екен. Философиялық ойға берілген кезде Жапониядағы және АҚШ-тағы оқытушыларым және тәлімгерлерімнің бәрімен іштей сұхбаттасамын. Олардың барлығы дерлік дүниеден өтіп кетті. Соның бірі – 1973 жылы Гавай университетінде мені жапон философиясымен таныстырған Роберт Дж.Дж. Варго. Дегенмен олардың өмірі менің ойымдағы идеялар және алдыңыздағы кітап беттеріндегі сөздер арқылы жалғасып келеді.

Жапон тіліндегі «ұстаз» (сэнСей 先生) және «шәкірт» (гакуСей 学生) сөздеріне ортақ синограф «өмір» (生) дегенді білдіреді.